

## Қысқаша

Тиімді  
мемлекеттік  
басқару

Елбасының жариялаған Жолдауында тиімді мемлекеттік басқаруға байланысты бірқатар тапсырмалар берілді.

"Мемлекеттік әкімшілендіру кезінде кәсіпкерлер мен тұрғындардың шығындарын қысқартуға байланысты жұмыстарды жалғастыру қажет. Осыған орай бизнесті реттеуге қатысуды әрі қарай азайтуға бағытталған заң қабылдауды жылдамдату керек", - деп көрсетілген Елбасы Жолдауында.

Осы орайда "Бір терезе" қағидаты бойынша бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету үдерістерін цифрландыруды қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударылған. Бұл жекелеген мемлекеттік қызмет көрсетуден кешенді қызмет көрсетуге көшуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, табиғи монополия субъектілері көрсететін қызметтерінің сапасын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру да қолға алынады. Мемлекеттік органдарға бағынышты ұйымдардың санын қысқарту есебінен жекешелендіру жоспарын кеңейтіп, әкімшілік шығындарды азайту үшін ведомствоға бағынышты нақты қажетті ұйымдарды мүмкіндігінше біріктіру қажеттігін Нұрсұлтан Әбішұлы алға тартып отыр.

Босаған қаражатты мемлекеттік қызметшілердің факторлық-балдық шкалаға негізделген жаңа еңбекақы жүйесін енгізуге бағыттау қажет.

Елбасы үкіметке Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, 2018 жылы орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда осы жүйені енгізудің пилоттық жобаларын іске асыруды тапсырды.

Бейнебақылау  
жүйесі  
енгізіледі

Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында Елбасы интеллект бейнебақылау және тану жүйесін көшелер мен көпшілік орындарда, жол-көлік қозғалысын бақылау бекеттерінде енгізуді тапсырды.

Сондай-ақ, мемлекеттік органдардағы процестерді, соның ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру маңызды болып саналады.

— Азаматтар өз өтініштерінің қалай қарастырылып жатқанын көріп, дер кезінде сапалы жауап алуға тиіс, - дейді Елбасымыз.

Құдық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілік шегі айқындалды. Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құдық үстемдігін қамтамасыз ету, құдық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында көшелерде және адам көп жиналатын қоғамдық орындарда бейнебақылау жүргізетін, азаматтарды анықтайтын және жол қозғалысын қадағалайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде енгізу керек, - деп қорытындылады Нұрсұлтан Әбішұлы.

## Жаңа мамандық

Облысымызда инженер-медтехник мамандар даярланады

Бүгінгі таңда медицина саласы қарқынды дамып келеді. Оның дамуы түрлі медициналық техникалардың пайда болып, қолданысқа енуіне тікелей байланысты. Ал бұл жағдай осы техникамен жұмыс істейтін арнайы мамандарды қажет ететіні анық. Алдағы уақытта мұндай мамандар Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Техникалық Университетінде даярланатын болады.

## IT-медик деген кім?

Елімізде "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Соның бір бөлігі — "Цифрлық медицина". Елімізде бірде бір оқу орны осы уақытқа дейін арнайы инженер-медтехник мамандарды дайындамағанын айта кету керек. ШҚМТУ алғашқы болып бұл бағытты қолға алып отыр. Сондықтан, IT-медиктер — қазіргі таңда аса сұранысқа ие мамандық болып табылады. Бұған дейін ондай мамандар тек шетелдерде ғана даярланатын, ал енді біздің елде де оқуға мүмкіндік туды.

Естіп-көріп жүргеніміздей, қазір көптеген күрделі медициналық аппараттар қолданысқа кеңінен енуде: компьютерлі томография, рентген құрылғылары, ультратыбысты аппараттар және тағы басқалары.

— Бұл аппараттардың бағасы өте қымбат әрі цифрлық деңгейі жоғары, — дейді ШҚМТУ халықаралық серіктестік және даму бойынша проректоры Талант Рыспаев. — Яғни, көптеген бағдарламалар мен бағдарламалық жасақтамалар-

болғанын көрдім. Жаңадан сатып алынған аппараттар да тек арнайы мамандардың көмегімен ғана іске қосылады. Сондықтан, ең алдымен, инженерияны қалыптастырған тиімді. Біз осындай кадрларды даярлайтын боламыз.

Айта кетсек, Талант Рыспаев — аталмыш мамандықтың қырсырын меңгерген техникалық ғылымдардың докторы, Клаусталь техникалық университетінің приват-доценті. Германия елінен біздің облысқа арнайы шақырылып отырған профессор. Қазір Талант Акимжанұлы Украинадан шақырылған тағы бір профессормен бірге IT-медиктерді даярлау бағытында көптеген жұмыстар атқаруда.

## Оқу бағыты

Аталмыш мамандыққа тек облыс пен республиканың ғана емес, Орталық Азия мен Ресейдің де абитуриенттері келіп, білім ала алады.

IT-медиктер екі бағытта оқытылады: медтехника және телемедицина. Бұлар "Цифрлық медицинаның" құрамдас бөлігі болып табылады.

Медтехника — бұл медициналық аппараттарға техникалық қызмет көрсетуді оқытатын бағыт. Телемедицина — науқастың талдауын қашықтықта зерттеу және диагноз қою. Бұл біздің елде жаңадан танылып келе жатқан бағыт. Мысалы, аудандық аурухана дәрігерлерінің біліктілігі жеткіліксіз болып тұр делік. Талдау нәтижелерімен науқас адамға облыс орталығына келуге мәжбүр болады. Ал телемедицина білікті мамандармен қашықтықта кеңесіп, диагнозды нақтылауға әрі емшара жүргізуге, тіпті ота жасау процесін онлайн қадағалауға да мүмкіндік береді. Ал осының барлығын жүзеге асыру үшін тағы да арнайы техник мамандар ауадай қажет.

Осыған қатысты Талант Акимжанұлы өз естеліктерімен бөлісті:

— Осыдан 17 жыл бұрын, 2000 жылы Германияның Ганновер қаласында ЕХРО көрмесі өтті. Телемедицина ол жақта сол кезден дами бастаған еді. Ганновердегі ота жасау Берлин-

Әзірше тек  
магистратура

Аталмыш бастама осы жылдың жаз айынан бастап студенттерді қабылдай бастайды. Бірақ өзіндік талаптарына байланысты әзірше тек магистратураға ғана. Алдағы уақытта мектептен кейінгі түлектер де қабылданатын болады. Сондай-ақ, бұл мамандықты сырттай оқу түрі де қарастырылуы мүмкін.

## Талапкерлер мен ата-аналардың назарына

— Болашақ түлектер мен олардың ата-аналарына айтарым, цифрлық медицина саласындағы білім алу жете даярлықты қажет етеді. Сондықтан оқушылар, ең алдымен, мектеп қабырғасында жақсы оқуы керек. Ал біздің университеттен олар сапалы жоғары білім алады. Мемлекеттік және орыс тілдерінде ғана емес, ағылшын тілінде де оқу мүмкіндігі бар. Ал үш тілді жетік меңгеру болашақ мамандардың болашағына жол ашады. Біздің университеттің түлектері әлемнің кез-келген елінде білімін жетілдіріп, жұмыс істей алады, — дейді профессор Талант Рыспаев.

Бастама ауқымды  
болмақ

Талант Акимжанұлының айтуынша, Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Техникалық университетінің бұл бастамасы тек Орталық Азиямен ғана шектеліп қалмайды. Моңғолия, Қытай, Ресей елдерінің де студенттері оқытылады. Сондай-ақ, Үндістан, Пәкістан елдерінен студенттер тарту бойынша жұмыстар атқарылуда. Егер бұл жоспар ойдағыдай жүзеге асатын болса, Өскемен қаласы — Орталық Азияның білім берудегі жетекші ғылыми орталығына айналмақ.

Мадина ҚАЙНАРОВА




ды, техниканы қолдануды қажет етеді. Мұндай күрделі аппараттар істен шығып қалса, оларға техникалық қызмет көрсетілуі тиіс. Тек Қазақстанда ғана емес, Орталық Азияның бірқатар елдерінде де компьютерлік томографтың істен шығып қалып, оны жөндейтін мамандарды Германиядан, Жапониядан көп қаржы төлеп, шақыртуға мәжбүр

## Инфографика

## Облыстағы ауыз суға қолжетімділік



Орталық су құбыры  
— 71,1%



Үй ауласындағы құдық,  
колонка — 25,4%



Қоғамдық колонка —  
3,5%



Тұрғын үй мен ауызсу  
алатын жердің  
екі ортасындағы  
арақашықтық - 100  
м-ден аз (86,0%),  
100-200 (14,0%) метр